

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіндегі экономикалық мамандықтардың арнайы пәндер оқытушыларына арналған

«1С: Бухгалтерия бағдарламасы бойынша бухгалтерлік есепті автоматтандыру»

біліктілігін арттыру курсының

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Жалпы ережелер

Біліктілікті арттыру курсының «1С: Бухгалтерия бағдарламасы бойынша бухгалтерлік есепті автоматтандыру» білім беру бағдарламасы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіндегі экономикалық пәндер оқытушыларына арналған. Бағдарлама 1С: Бухгалтерия бағдарламасын қолдана отырып, бухгалтерлік есепті автоматтандырудың заманауи әдістерін меңгеруге бағытталған. Бұл бағдарлама әртүрлі деңгейдегі кәсіпорындарда бухгалтерлік және салықтық есепті жүргізуге арналған негізгі құрал болып табылады.

Қазіргі білім беру ортасында, экономикалық, технологиялық және инновациялық сын-тегеуріндер тоғысатын заманда, білім алушыларды қазіргі бәсекеге қабілетті қоғамда сәтті бейімделу мен тиімді әрекеттесуге қажетті кәсіби дағдылармен қамтамасыз ету маңызды. Қазіргі білім беру жағдайында кәсіби дағдыларды дамыту сабақтарда бухгалтерлік есеп саласында білікті маман мен толыққанды тұлғаны қалыптастыру үдерісінде сұранысқа ие құралға айналуға.

Қазіргі бухгалтерлік есепті автоматтандыру шеңберінде 1С: Бухгалтерия бағдарламасын пайдалану кәсіпорындардың есеп жүргізу сапасы мен нақтылығын қамтамасыз ету үшін бухгалтерлік үдерістерді қайта қарау және түрлендіру қажеттілігін айқындайды. 1С: Бухгалтерия бағдарламасы бухгалтерлік есеп саласында табысты жұмыс істеу үшін қажетті негізгі дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

1С: Бухгалтериямен жұмыс істеу барысында қалыптасатын негізгі дағдыларды қаржы саласындағы «кәсіби дағдылар» ретінде қарастыруға болады.

Бухгалтерлік есептің негіздерін білу және 1С: Бухгалтерия бағдарламасымен жұмыс істеу дағдылары білім алушыларға өз кәсіби қызметінде ағымдағы міндеттерді тиімді шешуге, қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге және нәтижелі жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – 1С: Бухгалтерия бағдарламасын пайдалана отырып, бухгалтерлік есеп саласында мамандарды даярлау, бухгалтерлік есеп пен есептілікті автоматтандыру құралдарын меңгеру. Тыңдаушыларды заманауи бағдарламалық өнімдер арқылы бухгалтерлік және салықтық заңнама нормаларын іс жүзінде қолдануға үйрету. Арнайы пәндер оқытушыларының және бухгалтерлік есеп саласындағы кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Бағдарламаның өзектілігі қазіргі әлемдегі өзгерістермен байланысты, өйткені есепті автоматтандыру қазіргі жағдайларда кәсіпорындағы тиімді

басқарудың маңызды элементі болып табылады. 1С: Бухгалтерия бағдарламасы бухгалтерлік есепті жүргізу және есептілікті дайындау үшін әртүрлі деңгейдегі кәсіпорындарда белсенді қолданылады, бұл мамандардан бағдарламалық өнімдерді білуді талап етеді.

Бағдарламаның өзектілігі бизнесті және есепті цифрландырудың заманауи үрдістерімен, сондай-ақ тез өзгеріп жатқан нормативтік-құқықтық ортада бухгалтерлік есеп пен салық салу заңнамасын сақтау қажеттілігімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, еңбек нарығында 1С: Бухгалтерия негізгі есеп құралы болып табылатындықтан, қазіргі заманғы білімдерге ие мамандарды даярлау қажеттілігін қанағаттандыру маңызды рөл атқарады.

Бағдарлама тыңдаушылардың 1С: Бухгалтерия бағдарламасын қолдана отырып, бухгалтерлік және салықтық есеп жүргізу саласындағы кұзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарламаның негізгі бағыттары:

1. 1С: Бухгалтерия бағдарламасының негізгі және кеңейтілген функцияларын меңгеру;
2. Бағдарламаны нақты есеп операцияларын орындау үшін қолдану;
3. Еңбекақы есептеу, қарсы тараптармен есеп айырысулар, тауарлы-материалдық құндылықтарды есепке алу және есептілікті қалыптастыруды автоматтандыру.

Бұл бағдарлама тыңдаушылар үшін өте маңызды. Ол 1С: Бухгалтерияны терең меңгеруді қажет ететін арнайы пәндер оқытушыларына арналған.

Оқыту нәтижесінде тыңдаушылар еңбек нарығында сұранысқа ие бағдарламалық өніммен жұмыс істеу бойынша практикалық дағдыларды меңгереді, бухгалтерлік есепті автоматтандырудың заманауи әдістері мен құралдары туралы білім алады, бұл олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Сонымен қатар, олар әртүрлі салалардағы кәсіпорындардың бухгалтерия бөлімдерінде практикалық жұмыс істеуге, сондай-ақ шағын бизнес үшін дербес есеп жүргізуге дайын болады.

Білім беру бағдарламасы қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысы;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта,

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 «Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

– Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234 Заңы;

– Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ Кодексі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)»;

– Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1340 «Бухгалтер» кәсіптік стандартын бекіту туралы» бұйрығы ;

– Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы № 185 бұйрығы «Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бекіту туралы».

2. Глоссарий

1С: Бухгалтерия – ұйымдарда бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті автоматтандыруға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету.

Бухгалтерлік есеп – кәсіпорынның қызметі туралы қаржылық ақпаратты жүйелі түрде жинау, тіркеу және талдау процесі.

Салықтық есеп – пайдаға салынатын салық, ҚҚС, мүлік салығы және басқа да салық міндеттемелерін есепке алу және есептеу.

Шоттар жоспары – кәсіпорындағы қаржылық операцияларды есепке алу және топтастыру үшін қолданылатын шоттар жүйесі.

Бас кітап – есеп шоттары бойынша барлық қаржылық операциялар жазбаларын қамтитын негізгі бухгалтерлік құжат.

Айналымдық-қалдықтық тізімдеме – белгілі бір кезеңдегі шоттар бойынша айналымдар мен қалдықтарды көрсететін есеп.

Сауда есебі – тауарларды сату және сатып алу бойынша операцияларды, соның ішінде қалдықтарды бақылау мен клиенттермен есеп айырысуларды есепке алу.

Кассалық есеп – кәсіпорын кассасындағы ақша операцияларын, соның ішінде қолма-қол ақшаны қабылдау және беру есебі.

Еңбекақы есебі – қызметкерлерге жалақы бойынша есеп айырысуларды, оның ішінде есептеу, ұстап қалу және төлемдерді есепке алу.

Қосылған құн салығы (ҚҚС) – тауарлар мен қызметтердің бағасына қосылатын және тұтынушылар төлейтін жанама салық.

Бухгалтерлік есептілік – кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау және бақылау үшін жасалатын қаржылық есептер.

Қаржылық есеп – кәсіпорынның қаржылық нәтижелері мен жағдайы туралы ақпарат ұсынуға бағытталған есеп.

Өткізілім – шоттардағы қалдықтардың өзгеруін көрсететін есеп жүйесіндегі бухгалтерлік операцияның жазбасы.

Анықтамалық – контрагенттер, тауарлар, шоттар және басқа да мәліметтер туралы ақпаратты қамтитын бағдарламаның элементі.

Құжат – жүйеде операцияны тіркейтін электрондық файл, мысалы, шот-фактура, жүкқұжат немесе төлем тапсырмасы.

Операция – нақты бухгалтерлік әрекет, мысалы, сатып алу, сату немесе жалақы есептеу.

Баланс – белгілі бір күнге кәсіпорынның қаржылық жағдайын, оның ішінде активтері мен пассивтерін көрсететін есеп.

Пайда мен шығын туралы есеп – есепті кезеңдегі кәсіпорынның кірістері мен шығындарын көрсететін және пайда немесе шығын сомасын есептейтін есеп.

Бухгалтерлік есеп регистрлері – барлық бухгалтерлік операциялар мен олардың нәтижелері тіркелетін құжаттар.

Қойма есебі – қоймадағы тауарлы-материалдық құндылықтардың қозғалысын, оның ішінде түсуін, орын ауыстыруын және есептен шығарылуын есепке алу.

Аналитикалық есеп – есеп объектілері бойынша, мысалы, контрагенттер немесе шығыс баптары бойынша егжей-тегжейлі есеп жүргізу.

Бюджеттеу – кәсіпорынның алдағы кезеңдерге арналған кірістері мен шығындарын жоспарлау процесі.

Электрондық құжат айналымы – ұйымдар арасында құжаттармен электрондық форматта алмасу жүйесі.

Бұлттық шешім – интернет арқылы қолжетімді деректермен қашықтан жұмыс істеуге мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз ету.

3. Бағдарлама тақырыбы

«1С: Бухгалтерия бағдарламасын қолдана отырып, бухгалтерлік есепті автоматтандыру» біліктілікті арттыру курсы экономикалық пәндер оқытушылары үшін қазіргі заманғы білім беру тәжірибесінің маңызды міндетін шешуге бағытталған – тыңдаушылардың 1С: Бухгалтерия бағдарламасымен жұмыс істеу барысында бухгалтерлік есепті автоматтандыру дағдыларын дамыту.

Қазіргі цифрлық білім беру ортасында, бухгалтерлерге деректерді өңдеудің дәлдігі мен жылдамдығына және өзгермелі нормативтік актілерге бейімделуге қойылатын жоғары талаптар жағдайында, білім алушыларды тек теориялық біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істеу дағдыларын дамыту маңызды. 1С: Бухгалтерия бағдарламасы бухгалтерлік есептің көптеген процестерін тиімді автоматтандыруға мүмкіндік береді, бұл қазіргі заманғы жұмыс жағдайында табысты жұмыс істеу үшін қажетті аналитикалық ойлау, ақпаратты басқару, өзін-өзі ұйымдастыру және міндеттерді шешу дағдыларын меңгеруді талап етеді.

Бағдарлама бухгалтерлік есепті жүргізуге қойылатын заманауи талаптар мен үрдістерді, сондай-ақ негізгі есеп процестерін автоматтандыру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануды ескере отырып әзірленген. Мұндай тәсіл тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін арттырып қана қоймай, олардың білімдері мен дағдыларын бухгалтерлік есеп деректерімен практикалық жұмысқа интеграциялауға мүмкіндік береді.

2022-2024 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен келісілген біліктілікті арттыру бағдарламаларын талдау барысында осы тақырып бойынша бекітілген бағдарламалар анықталмады.

Осыған байланысты әзірленген бағдарлама бірегей болып табылады, себебі ол 1С: Бухгалтерия бағдарламасын меңгеру процесіне белсенді оқыту әдістері мен бухгалтерлік есепті автоматтандыруды тікелей интеграциялайды. Бұл теориялық оқытуды есеп жүргізудің практикалық міндеттерімен тиімдірек ұштастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның мазмұнын таңдау оқытушылардың бухгалтерлік есеп бойынша теориялық білімдерін және бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істеу бойынша практикалық дағдыларын біріктіруге негізделген. Бағдарламаның негізінде келесі негізгі әдістемелік және дидактикалық қағидаттар жатыр:

– Интегративті тәсіл қағидаты: бухгалтерлік есеп пен цифрлық құралдарды біріктіріп, толыққанды білім беру тәжірибесін құруға бағытталған. Бағдарламада теорияны меңгеру мен 1С: Бухгалтерия бағдарламасында жұмыс істеу дағдыларын қатар игеруге ықпал ететін әдістер мен тәсілдер қолданылады;

– Белсенді оқыту қағидаты: бағдарламада 1С: Бухгалтерияның бұлттық нұсқасында орындалатын практикалық тапсырмалар қарастырылған. Кейстермен жұмыс, интерактивті тапсырмалар және дербес жаттығуларды орындау енгізілген. Мұғалімдер білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру және автоматтандырылған есеп процесін тиімді меңгеру үшін сабақтарында қолдана алатын әдіс-тәсілдерді үйренеді;

– Оқытуды дараландыру қағидаты: тыңдаушылардың жеке қажеттіліктерін ескеру және олардың дайындық деңгейіне бейімделу қарастырылған. Оқытушылар білім алушылардың қабілеттері мен бағдарламалық қамтамасыз етуді меңгеру деңгейіне сәйкес оқыту процесін саралап ұйымдастыра алады;

– Рефлексивті оқыту қағидаты: тыңдаушыларды өз жұмысын бағалау және практикалық тапсырмаларды орындау, сондай-ақ курс кураторларынан кері байланыс алу арқылы өздерін талдауға ынталандырады. Мұғалімдер кәсіби құзыреттіліктерін дамыту үшін өзін-өзі бағалау және талдау әдістерін қолдануды меңгереді;

– Практикалық бағыттылық қағидаты: теориялық білімді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Тыңдаушылар 1С: Бухгалтерия бағдарламасында түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды орындау арқылы кәсіби шеберліктерін арттырады. Мұғалімдер арнайы пәндер сабақтарында қолдануға болатын операцияларды меңгереді.

Біліктілікті арттыру бағдарламасы 6 модульден тұрады және 1С: Бухгалтерия бағдарламасын пайдалана отырып, бухгалтерлік есепті

автоматтандыру саласындағы педагогтардың кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған. Әрбір модуль кешенді кәсіби тәжірибені ұсынады және оқу материалының меңгерілу деңгейі мен жалпы оқыту табыстылығын бағалау үшін тестілеу қарастырылған.

Бағдарламаның құрылымы

1-модуль. «Қазақстан үшін Бухгалтерия» конфигурациясының негізгі функционалдық мүмкіндіктері	1.1. Есеп параметрлерін баптау 1.2. Виртуалды кәсіпорынды құру 1.3. Виртуалды кәсіпорынның бастапқы қалдықтарын енгізу
2-модуль. Банктік және кассалық операцияларды есепке алу	2.1. Қолма-қол ақшаны есепке алу 2.2. Қолма-қол ақшасыз қаражатты есепке алу 2.3. Ақша қаражатын түгендеу
3-модуль. Тауарлы-материалдық қорларды есепке алу	3.1. «Номенклатура» анықтамалығын толтыру 3.2. ТМҚ мен қызметтердің түсу операциялары 3.3. ТМҚ мен қызметтерді сату операциялары 3.4. ТМҚ мен қызметтерді түгендеу
4-модуль. Негізгі құралдарды есепке алу	4.1. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер 4.2. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің түсуіне байланысты операциялар 4.3. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің шығуына байланысты операциялар 4.4. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді түгендеу
5-модуль. Кадрлық есеп және еңбекақы есебі	5.1. Кадрлық есеп және қызметкерлерді жұмысқа қабылдау 5.2. Қызметкерлерге еңбекақы есептеу және төлеу 5.3. Еңбекақы бойынша есептілікті қалыптастыру
Тестілеу	

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты – тыңдаушыларды 1С: Бухгалтерия бағдарламасын қолдана отырып, бухгалтерлік есепті автоматтандыру құралдарын тиімді пайдалануға дайындау.

Бағдарламаның міндеттері:

- тыңдаушыларды 1С: Бухгалтерия бағдарламасының негізгі функционалдық мүмкіндіктерімен және есеп параметрлерін баптаумен таныстыру;

- тыңдаушыларды қолма-қол және қолма-қол ақшасыз қаражатты есепке алуға, сондай-ақ ақша қаражатын түгендеуді жүргізуге үйрету;

- тауарлы-материалдық қорларды есепке алу дағдыларын дамыту, оның ішінде түсу, сату және түгендеу операцияларын жүргізу;
- тыңдаушыларды негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді есепке алу операцияларын орындауға, оның ішінде олардың түсуін, шығуын және түгендеуін жүргізуге дайындау;
- тыңдаушыларды кадрлық есеп жүргізуге және тиісті есептілікті қалыптастыра отырып, еңбекақыны есептеуге үйрету.

Күтілетін оқу нәтижелері:

Бағдарлама аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

- 1С: Бухгалтерия бағдарламасын баптау және онымен жұмыс істеудің негізгі мүмкіндіктерін меңгереді;
- банктік және кассалық операцияларды, сондай-ақ ақша ағындарын есепке алуды үйренеді;
- тауарлы-материалдық қорларды есепке алу, түгендеу және сату операцияларын жүргізуді меңгереді;
- негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді, соның ішінде олардың түгендеуін есепке алу дағдыларын игереді;
- кадрлық есеп және еңбекақы саласында білім мен практикалық дағдыларға ие болады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Біліктілікті арттыру бағдарламасы бухгалтерлік есепті автоматтандыру үшін 1С: Бухгалтерия бағдарламасын қолдана отырып, интегративті әдістерді тиімді пайдалануға мұғалімдерді дайындауға бағытталған бес модульден тұрады. Әрбір модуль бағдарламаның жалпы мақсатына — есепті автоматтандырудың практикалық және теориялық аспектілерін меңгеруге байланысты құрылымдық бірлікті құрайды. Оқу материалының меңгерілу деңгейін және жалпы оқыту табыстылығын бағалау үшін тестілеу және 1С: Бухгалтерия бағдарламасында практикалық тапсырмаларды орындау қарастырылған.

Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыптары	Теориялық сабақтар	Практикалық сабақтар	Барлығы
	1-модуль. «Қазақстан үшін Бухгалтерия» конфигурациясының негізгі функционалдық мүмкіндіктері	7	7	14
1.1	Есеп параметрлерін баптау	1	1	2
1.2	Виртуалды кәсіпорынды құру	2	2	4

1.3	Виртуалды кәсіпорынның бастапқы қалдықтарын енгізу	4	4	8
	2-модуль. Банктік және кассалық операцияларды есепке алу	5	9	14
2.1	Қолма-қол ақшаны есепке алу	2	4	6
2.2	Қолма-қол ақшасыз қаражатты есепке алу	2	4	6
2.3	Ақша қаражатын түгендеу	1	1	2
	3-модуль. Тауарлы-материалдық қорларды есепке алу	6	6	12
3.1	«Номенклатура» анықтамалығын толтыру	1	1	2
3.2	ТМҚ мен қызметтердің түсу операциялары	2	2	4
3.3	ТМҚ мен қызметтерді сату операциялары	2	2	4
3.4	ТМҚ мен қызметтерді түгендеу	1	1	2
	4-модуль. Негізгі құралдарды есепке алу	7	7	14
4.1	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	2	2	4
4.2	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің түсуіне байланысты операциялар	2	2	4
4.3	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің шығуына байланысты операциялар	2	2	4
4.4	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді түгендеу	1	1	2
	5-модуль. Кадрлық есеп және еңбекақы есебі	7	10	17
5.1	Кадрлық есеп және қызметкерлерді жұмысқа қабылдау	3	4	7
5.2	Қызметкерлерге еңбекақы есептеу және төлеу	3	5	8
5.3	Еңбекақы бойынша есептілікті қалыптастыру	1	1	2
	Тестілеу		1	1
	Барлығы	32	40	72

Ескерту: 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

Модуль мазмұнының қысқаша сипаттамасы және күтілетін нәтижелердің Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері арасындағы байланысы

1-модуль. «Қазақстан үшін Бухгалтерия» конфигурациясының негізгі функционалдық мүмкіндіктері

Модуль тыңдаушыларды «Қазақстан үшін Бухгалтерия» конфигурациясымен жұмыс істеудің негізгі аспектілерімен, сондай-ақ бухгалтерлік есепті автоматтандыруға білім беру және кәсіби практикада қойылатын талаптармен таныстыруға бағытталған. Осы модульде тыңдаушылар есеп параметрлерін тиімді баптауға және 1С: Бухгалтерия бағдарламасы арқылы бухгалтерлік процестерді автоматтандыруды интеграциялауға мүмкіндік беретін негізгі тәсілдер мен әдістемелерді үйренеді.

Сондай-ақ, есеп жүйесін баптауға қойылатын талаптарды және оның Қазақстанның бухгалтерлік заңнамасының ерекшеліктеріне бейімделуін талдау жүргізіледі. Параллельді түрде тыңдаушылар виртуалды кәсіпорын құру алгоритмін меңгеріп, ақша қаражаттары мен негізгі құралдардың, дебиторлық және кредиторлық берешектердің, сондай-ақ меншік иелерінің салымдарының бастапқы қалдықтарын енгізеді. Сонымен қатар, Жарғылық және Резервтік капиталды қалыптастыру жүзеге асырылады. Бастапқы шаруашылық операцияларды енгізу бағдарламаның кейінгі модульдерінде ұсынылған күрделі есептік тапсырмаларды орындау үшін қажет.

2-модуль. Банктік және кассалық операцияларды есепке алу

Модуль 1С: Бухгалтерия бағдарламасында Қазақстан үшін ақша операцияларын есепке алу қағидаттарын зерттеуге және қаржылық есепті автоматтандыру тиімділігін арттыруға бағытталған. Осы модульде тыңдаушылар қолма-қол және қолма-қол ақшасыз қаражатты есепке алу алгоритмін меңгеріп, кәсіпорынның ақша операцияларының дәлдігін және бақылауын қамтамасыз етуге мүмкіндік алады.

Сонымен қатар, ақша қаражатын автоматтандырылған есепке алу бойынша шаруашылық операциялар ұсынылады, олар касса және банкпен жұмыс істеу ерекшеліктерін Қазақстан заңнамасының талаптарына сәйкес ескеруді қамтиды.

Тыңдаушылар кассалық және банктік құжаттарды дұрыс ресімдеуге арналған практикалық тапсырмаларды қолдануды үйренеді, сондай-ақ кәсіпорынның ақша қаражатын есепке алуды талдайды. Осы модульді меңгеру қаржы ағындарын тиімді бақылауды және ұйымдағы есептің ашықтығын арттыруды қамтамасыз ететін автоматтандырылған қаржылық процестерді құруға мүмкіндік береді.

3-модуль. Тауарлы-материалдық қорларды есепке алу

Модуль тыңдаушыларды 1С: Бухгалтерия бағдарламасында тауарлы-материалдық қорларды (ТМК) есепке алу әдістері мен тәсілдерін оқытуға бағытталған. Тыңдаушылар номенклатураны тиімді басқару, тауарлы-материалдық қорлар мен қызметтердің түсу және сату операцияларын бақылау, сондай-ақ кәсіпорынның қорларын қаржылық басқаруды

автоматтандыру үшін қойма есебін ұйымдастыруды үйренеді. Тауарлы-материалдық құндылықтарды бақылауға, соның ішінде түгендеу жүргізуге ерекше назар аударылады.

Есепке алудың барлық кезеңдерінде ТМҚ-мен операциялар қарастырылады: материалдар мен тауарлардың қоймаға түсуі, олардың сақталуы мен орын ауыстыруы, соңғы өнім мен қызметтердің сатылуына дейін. Тыңдаушылар есептік деректерді талдауды, жеткізушілер мен сатып алушылармен өзара әрекеттесуді, сондай-ақ контрагенттермен есеп айырысуды тиімді басқаруды үйренеді. Сонымен қатар, қорларға байланысты барлық операциялардың дәлдігі мен ашықтығын қамтамасыз ететін есеп процесін әзірлеуді және енгізуді меңгереді. Олар тауарлардың түсуі мен жіберілуін бақылауды, өзара есеп айырысуды дұрыс жүргізуді және қоймадағы қалдықтарды талдауды игереді. Оқығанды бекіту номенклатурамен жұмыс, операцияларды құжаттау және өзара есеп айырысуды есепке алу бойынша практикалық тапсырмаларды орындау арқылы жүзеге асады. Бұл тыңдаушыларға ТМҚ автоматтандыруды бухгалтерлік есепте тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Осылайша, модуль ТМҚ-мен жұмыс істеу және қойма операцияларын басқару дағдыларын дамытуға бағытталған кешенді тәсілді қамтиды, бұл табысты қаржылық есепке алу мен контрагенттермен өзара әрекеттесу үшін қажет.

4-модуль. Негізгі құралдарды есепке алу

Модуль тыңдаушыларды 1С: Бухгалтерия бағдарламасында негізгі құралдарды (НҚ) және материалдық емес активтерді (МЕА) есепке алу әдістерімен таныстыруға бағытталған. Осы модульде олар «Негізгі құралдар» және «Материалдық емес активтер» анықтамалықтарының функцияларымен, сондай-ақ НҚ мен МЕА-ның түсуі және шығарылуы бойынша операциялармен танысады.

Білімді бекіту НҚ мен МЕА-мен операцияларды есепке алу, олардың амортизациясын есептеу және тиісті есептілікті құрастыру бойынша практикалық тапсырмаларды орындау арқылы жүзеге асады.

Осылайша, тыңдаушылар виртуалды кәсіпорында НҚ мен МЕА-ның автоматтандырылған есебін енгізуге дайын болады. Бұл материалдық және материалдық емес ресурстарды әртүрлі салаларда басқару тиімділігін арттырады.

5-модуль. Кадрлық есеп және еңбекақы есебі

Модуль тыңдаушыларды 1С: Бухгалтерия бағдарламасында кадрлық есептің негіздерімен және еңбекақыны есептеуді автоматтандырумен таныстыруға бағытталған. Қатысушылар кадрлық есеп жүргізудің негізгі аспектілерін, соның ішінде персоналды есепке алу, қызметкерлерді қабылдау, жұмыстан шығару және ауыстыру рәсімдерін, сондай-ақ кадрлық құжаттаманы жүргізуді үйренеді.

Модульдің маңызды элементі – еңбекақыны есептеу. Тыңдаушылар жалақыны есептеуді, оның ішінде еңбек демалысы, аурухана парақтары, сыйақылар және басқа да төлемдерді автоматтандыруды меңгереді. Еңбекақидан салықтар мен ұсталымдарды дұрыс есептеу және ресімдеуге ерекше назар аударылады, бұл қаржылық есептің маңызды бөлігі болып табылады.

Тыңдаушылар еңбекақы бойынша есептілікті, соның ішінде есеп айырысу тізімдемелері мен қызметкерлер үшін есеп айырысу парақтарын құрастыруды үйренеді. Бұл модульді меңгеру тыңдаушыларға кез келген кәсіпорында кадрлық және жалақы процестерін тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Осылайша, модуль кадрлармен жұмыс, еңбекақы және одан аударымдар мен ұсталымдар саласындағы дағдыларды дамытуға бағытталған кешенді тәсілді қамтиды. Бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кадрлық есеп пен есептілікті табысты жүргізу үшін қажет.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Педагогтардың біліктілігін арттыру курсы қашықтықтан оқыту форматында ұйымдастырылады, бұл оқытудың қолжетімділігі мен икемділігін қамтамасыз етеді. Қашықтықтан оқыту тыңдаушыларға кәсіби қызметпен қатар оқуды үйлестіруге мүмкіндік береді.

Оқу жалпы көлемі 72 академиялық сағатты құрайды, оның ішінде:

- 32 сағат материалды теориялық оқуға бөлінген;
- 40 сағат практикалық сабақтарға арналған.

Оқыту форматы келесілерді қамтиды:

Дәріс	Тыңдаушыларға курстың негізгі тақырыптары бойынша құрылымдалған және терең ақпарат ұсынады, бұл теориялық негіздерді қалыптастыруға ықпал етеді.
Видеосабақтар	Оқыту барысында қолданылатын практикалық әдістер мен тәсілдерді көрсетеді, көрнекі мысалдар мен кейстерді ұсынады.
Презентациялар	Дәрістердің негізгі сәттерін визуализациялайтын көмекші материал, ақпаратты қабылдауды жеңілдетеді.
Интерактивті тапсырмалар	Тыңдаушыларға практикалық жаттығуларды орындау арқылы материалды түсінуді тексеруге және бекітуге мүмкіндік беретін тапсырмалар.
Ситуациялық жағдайлар	Теориялық білімді практикалық жағдайларда қолдануға көмектеседі, талдау және шешім қабылдау дағдыларын дамытады.

Практикалық жұмыстар	Теориялық білімді практикада қолдануға бағытталған нақты тапсырмаларды орындауды қамтиды.
Өзіндік жұмыстар	Тыңдаушыларға алған білімдері мен әдістерін өздерінің педагогикалық практикасына бейімдеуге мүмкіндік береді, бұл жаңа тәсілдерді интеграциялауға ықпал етеді.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етуі 1С: Бухгалтерия бағдарламасын қолдана отырып, бухгалтерлік есепті автоматтандыруды тиімді меңгеру үшін теориялық оқытуды, тапсырмаларды орындауды және өзін-өзі бағалау критерийлерін біріктіретін дидактикалық тәсілге негізделген.

Теориялық материал бухгалтерлік есепті автоматтандырудың негізгі аспектілерін қамтиды, соның ішінде 1С: Бухгалтерия бағдарламасын өндірістік және білім беру тәжірибесінде қолданудың маңыздылығын қарастырады. Курс келесі мәселелерді егжей-тегжейлі қарастырады:

1. 1С: Бухгалтерия бағдарламасының бухгалтерлік есептегі рөлі және есеп процесін автоматтандырудың артықшылықтары.

2. Бағдарламаның негізгі функциялары: есептеулерді, бухгалтерлік операцияларды, салықтық есептілікті, ақша қаражатын, тауарлы-материалдық қорларды, негізгі құралдарды, кадрларды және еңбекақыны автоматтандыру.

3. 1С: Бухгалтерия бағдарламасын білім беру процесіне және бухгалтерлердің кәсіби қызметіне интеграциялау әдістері.

4. Қаржылық деректермен жұмыс істеу, есептілікті құру, нормативтік базамен өзара әрекеттесу және оқу процесін 1С: Бухгалтерия бағдарламасының ерекшеліктеріне бейімдеу тәсілдері.

Бағдарламаның практикалық бөлімі тыңдаушылардың 1С: Бухгалтерия бағдарламасымен жұмыс істеу барысында теориялық білімдерін нақты жағдайларда қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.

Практикалық бөлімдегі тапсырмалар келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

– теориялық білімді бекіту: практикалық тапсырмаларды және кейстерді орындау арқылы тыңдаушылар 1С: Бухгалтерияда жұмыс істеудің негізгі қағидағтарын жақсы меңгереді және оларды нақты жағдайларда қолдануды үйренеді;

– кәсіби дағдыларды дамыту: 1С: Бухгалтерия бағдарламасының бұлттық нұсқасында нақты есептік операцияларды орындау арқылы бухгалтерияда жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби дағдылар қалыптасады;

– сын тұрғысынан ойлауды ынталандыру: интерактивті тапсырмалар мен жағдайлық кейстерді орындау тыңдаушыларға бухгалтерлік міндеттерді шешуге аналитикалық көзқарас қалыптастыруға және нақты жағдайларда оңтайлы шешімдер табу қабілетін жақсартуға көмектеседі;

- нақты деректер мен жағдайлармен жұмыс: тыңдаушылар ақпаратты тиімді басқаруға және есептік деректерді талдауға үйренеді;
- білімді практикалық қолдану: қатысушылар алған білімдерін жұмыс орнында нақты тапсырмаларды орындауға бейімдеп, кәсіби міндеттерін орындауға сенімділігі мен дайындық деңгейін арттырады.

Практикалық бөлімнің бұл элементтері материалды терең меңгеруге ғана емес, сонымен қатар бухгалтерлік есеп және бизнес-процестерді автоматтандыру саласында табысты жұмыс істеу үшін қажетті тұрақты кәсіби дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді.

Сондай-ақ, 1С: Бухгалтерия бағдарламасын практикалық қолдануға бағытталған әртүрлі қызмет түрлері қарастырылған. Тыңдаушылар есептік құжаттарды құру, операцияларды автоматтандыру, есептерді қалыптастыру және салық декларацияларымен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді. 1С: Бухгалтерия бағдарламасының бұлттық нұсқасы виртуалды кәсіпорында шаруашылық операцияларды модельдеуге мүмкіндік береді, бұл теориялық білімді практикада бекітуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, тыңдаушылар оқу процесін құрылымдау және бағдарламаның барлық модульдерін тиімді меңгеру үшін өзара байланысты шаруашылық операцияларды кезең-кезеңімен енгізеді. Арнайы әзірленген бағалау парақтары әр кезеңде тыңдаушылардың 1С: Бухгалтерия бағдарламасын меңгерудегі прогресін тіркеуге көмектеседі.

Бағдарлама тыңдаушылары бухгалтерлік есепті автоматтандыруға байланысты өзекті материалдар мен әдістемелік әдебиеттерді зерттеп, талдайды. Бұл теориялық негіздерді және бухгалтерлік есепті автоматтандыру саласындағы заманауи үрдістерді жақсы түсінуге ықпал етеді. 1С бағдарламасын нақты практикада қолдану туралы түсінікті жақсарту үшін тыңдаушыларға бағдарламаның мүмкіндіктерін көрсететін бейнематериалдар ұсынылады.

Өзін-өзі бағалау критерийлері:

1. Курстың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес практикалық материалдарды сапалы орындауы.
2. Бухгалтерлік есепті автоматтандырудың үйренген әдістерін өз педагогикалық практикасына бейімдеу қабілеті.
3. Теориялық материалды меңгеру деңгейі, практикалық тапсырмаларды сәтті орындауы.
4. Оқу міндеттерін шешу үшін курстың материалдарын тиімді пайдалануы.

Оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), 1С: Бухгалтерия бағдарламасының бұлттық қоймалары және курстың барлық қажетті материалдары орналастырылған <https://bilimustaz.kz/> білім беру платформасына қолжетімділік белсенді қолданылады. Кері байланыс Google формасын толтыру арқылы қамтамасыз етіледі, ол ресми bilimustaz@bilimland.com электрондық поштасына жіберіледі.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Бағалау жүйесі тыңдаушылардың білімдері мен дағдыларын объективті және ашық бағалауды қамтамасыз ететін 100 балдық шкалаға негізделген. Курс барысында теориялық материалды бекітуге және практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған практикалық және дербес жұмыстар, сондай-ақ бағдарламаның барлық модульдерін қамтитын қорытынды тестілеу бағаланады. Курсты сәтті аяқтап, сертификат алу үшін тыңдаушы максималды баллдың кемінде 50%-ын жинауы қажет.

Бағалау шкаласы келесідей:

90-100 балл: материалды жоғары деңгейде меңгеру, білім мен дағдыларды тәжірибеде қолдану қабілеті, жоғары деңгейде белсенділік және қатысу.

75-89 балл: материалды сенімді меңгеру, жақсы практикалық дағдылар.

60-74 балл: материалды негізгі түсіну, жеткілікті практикалық дағдылар.

50-59 балл: білім мен дағдылардың минималды қажетті деңгейі, платформада төмен белсенділік.

50 балдан төмен: білім мен дағдылардың жеткіліксіз деңгейі, курсты қайта өту қажеттілігі.

Біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан сәтті өткен тыңдаушыларға «Bilim Land» ЖШС курс тақырыбы, сағат көлемі және берілген күні көрсетілген сертификат және сертификатқа қосымша береді. Сертификаттың түпнұсқалығын тексеру үшін QR-код қарастырылған.

Қорытынды бағалаудан өте алмаған тыңдаушылар білімдерін бағалауды қайта тапсыруға құқылы, бірақ бұл мүмкіндік екі реттен аспайды.

9. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі қолдау ҚР БҒМ «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығының негізінде әзірленген, «Bilim Land» ЖШС басшысымен бекітілген, «Bilim Land» ЖШС білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асыру және оқу бағдарламалараның тиімділік мониторингін реттейтін Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

«Bilim Land» ЖШС бір күнтізбелік жыл бойы алған білімдерін тәжірибеде сапалы іске асыру үшін біліктілігін арттырудан өткен педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдауда жүзеге асырады.

Педагог оқытуды аяқтағаннан кейін консультативтік және(немесе) әдістемелік көмек алу үшін әрбір BilimUztaz біліктілікті арттыру курсына қоса берілген нысанды толтыру арқылы (қажет болған жағдайда) сұраныс жібереді.

Сұраныс – өзі өтіп кеткен біліктілікті арттыру курсы бойынша әрі қарай қолдау алу үшін педагогтің өтініші болып табылады.

«Bilim Land» ЖШС қызметкері сұранысты алғаннан кейін 5 күн ішінде педагогтің электрондық поштасына жауап дайындап, жібереді, қажет болған жағдайда сұраныстың мазмұнын түсіндіру үшін алдын ала әңгіме жүргізеді.

«Bilim Land» ЖШС педагогтің іс-әрекетіне курстан кейінгі қолдау көрсету үшін келесі формаларды пайдалана алады:

1) тыңдаушыларға педагогикалық қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;

2) педагогикалық қызмет нәтижелерін жариялауға дайындауда консультациялық көмек көрсету;

3) курстан кейінгі қолдау көрсету кезіңінде жүрген педагогтерді тәжірибе алмасу үшін іс-шараларға (конкурстар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да танымдық іс-шаралар) қатысуға тарту;

4) педагогтердің жұмыстарын <https://bilimustaz.kz/> сайтына орналастыру.

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагог алған кәсіби құзыреттерін оқу процесінде қолданады.

Курстаан кейін сүйемелдеу мазмұны біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының мақсаттарымен, міндеттерімен және күтілетін нәтижелерімен айқындалады.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. Контробаева Ж.Д., Журсиналина Г.С. практикум «Автоматизация бухгалтерского учета по программе 1: С Бухгалтерия», Алматы, 2024 г. – 78стр.

2. Нуртазина, А. К., «Автоматизация бухгалтерского учета на примере 1С: Бухгалтерия», Алматы, 2022 г. – 350 стр.

3. Сеитов, Б. Р., «Практическое руководство по 1С: Бухгалтерия для начинающих», Нур-Султан, 2021 г. – 280 стр.

4. Касымов, М. А., «Эффективное использование 1С: Бухгалтерия в малом бизнесе», Шымкент, 2023 г. – 300 стр.

5. Сарсенов, Н. Ж., «Современные подходы к автоматизации бухгалтерского учета», Павлодар, 2024 г. – 400 стр.

6. Ибраева, Н. К., «МСФО: Практическое руководство по применению в Казахстане», Алматы, 2021 г. – 350 стр.

7. Касымова, Л. М., «МСФО для бухгалтеров и аудиторов», Нур-Султан, 2022 г. – 320 стр.

8. Говоров, И. Н., «МСФО: Практическое руководство», Москва, 2022 г. – 350 стр.

9. Мельникова, Л. А., «Международные стандарты финансовой отчетности: Теория и практика», Санкт-Петербург, 2021 г. – 320 стр.

10. Шевчук, А. И., «МСФО: Применение в российских реалиях», Москва, 2023 г. – 290 стр.

11. Браун, С., & Грин, М., «Implementing Accounting Automation: A Practical Guide to Using 1C Accounting Software», New York: Routledge, 2022 – 350 p.

Қосымша әдебиеттер

1. Коканова, Ж. А., Нургазиев, Т. Е., «Руководство по автоматизации бухгалтерского учета в Казахстане», Алматы, 2022 г. – 270 стр.
2. Оразбаева, Ф. Ш., «Автоматизация учета и налогообложения с 1С», Нур-Султан, 2023 г. – 290 стр.
3. Кузнецова, И. А., «МСФО для бухгалтеров: Пособие по применению», Новосибирск, 2020 г. – 270 стр.
4. Тимофеева, Н. П., «Международные стандарты финансовой отчетности: Основы и практика», Москва, 2022 г. – 300 стр.
5. Чесноков, П. М., «МСФО в России: Применение и адаптация», Москва, 2023 г. – 320 стр.
6. Коробова, С. А., «Проблемы применения МСФО в России», Санкт-Петербург, 2021 г. – 290 стр.
7. Гусева, И. В., «МСФО: Практическое руководство для аудиторов и консультантов», Москва, 2022 г. – 310 стр.